

ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ БІЛІМІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ

Тіл мен қоғамның байланысында қоғамсыз тіл, тілсіз қоғам болмайтыны белгілі. Тілдің қоғамдық мәні жөніндегі алғашқы бұлдыр болжамдар ежелгі заман ойшылдарынан басталғанымен, тілді қоғамдық құбылыс деп санау, тіл мен қоғам байланысын арнаулы мәселе етіп көтеру ХІХ-ХХ ғасырдан ғана басталады. Оған себеп тіл біліміндегі әлеуметтік мектептің пайда болуы. Содан бергі уақыт ішінде тілдің табиғаты мен мәні, тіл қызметі, тіл тарихы мәселелерімен айналысқан ғалымдардың ешқайсысы да тілдің қоғаммен қарым-қатынасын сөз етпей өткен емес. Осы орайда тіл біліміндегі іргелі бағыттардың бірі әлеуметтік лингвистика болып табылады. Қолда бар деректерді, сонымен қатар ғалым А.Абасиловтың зерттеулерін басшылыққа ала отырып, әлеуметтік лингвистиканың зерттелуіне шолу жасап көрейік. Әлеуметтік лингвистиканың табиғатын, тарихы мен даму заңдылықтарын отандық және кеңес дәуірі кезеңіндегі ғалымдар едәуір зерттеген. Әлеуметтік лингвистика деген атынан көрініп тұрғандай бұл ғылыми пән бірнеше ғылымдардың (тіл білімі, әлеуметтану, психология, тарих, этнография, демография, экономика, саясаттану т.б.) тоғысқан жерінен пайда болған. Әлеуметтік лингвистиканың осындай пәнаралық сипатын көптеген ғалымдар оның қай ғылымға көбірек жақын екендігіне жауап бере алмайды. Осыдан бұл ғылымды зерттеумен кім айналысады деген сұрақ туады. Мұндай сұраққа қазіргі әлеуметтік лингвистика – бұл тіл білімінің бір саласы деп нақты жауап береді. Өйткені, оның қай ғылымға жататындығы, өзіндік мәртебесі туралы даудың күні өтті. Ол – әлеуметтік лингвистиканың пайда болу, қалыптасу кезеңіндегі мәселе.

ХХІ ғасыр басында әлеуметтік лингвистика өзінің нысанасын, мақсаты мен міндеттерін ғана анықтап қойған жоқ, сонымен қатар тіл білімі ғылымына тән нақтылы нәтижелерін де беріп үлгірді. Әлеуметтік лингвистиканың ғылым ретінде негізін Париж және Женева мектебінің өкілдері (А.Сеше, Ш.Балли, А.Мартине, С.Д.Кацевский, Р.Р.Едаль т.б.), кеңестік диалектографистері (Г.Розенкронц, Т.Фрингс, Р.Горссе т.б.), кеңестік әлеуметтік бағытты ұстанушылар (Е.Д.Поливанов, Р.Д.Шор, В.М.Жирмунский т.б.) қалады. Қазақстандағы әлеуметтік лингвистика бұрынғы кеңес одағындағы әлеуметтік лингвистикалық бағыттың негізінде қалыптасты. Еліміздің тәуелсіздік алғанынан бергі жылдарда республикадағы тілдік жағдаят, тіл саясаты, оның өзіндік бағыттары арнайы зерттелді. Еліміздің өзіндік тілдік құрылысы және онымен байланысты мәселелер ғылыми шешімін таба бастады. Бұл бағытта Б.Хасанұлы, М.М. Копыленко, А.Е.Карлинский, М.К.Исаев, Э.Д.Сүлейменова, З.К.Ахметжанова, С.Т.Сайна, Н.Ж.Шаймерденова, К.М. Байбосынова, А.М.Құмарова, А.Абасилов, Г.С.Суюнова, С.А.Асанбаева, Д.Ж. Қасымова, Г.Д.Алдабергенова, Г.М.Әлімжанова, т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Қазақстандағы тілдік құрылыс пен тілдік ахуалды зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде әлеуметтік лингвистиканың жоғарыда аталған ең өзекті деген проблемалары жан-жақты талданды.

Б.Хасанұлы 1976 жылы жарық көрген «Языки народов Казахстана и их взаимодействие» атты еңбегінде Қазақстандағы тілдік жағдаятқа кең түрде мінездеме береді. Қазақстан халықтары тілдерінің өзара қарым-қатынасын, олардың тұтынушыларын, тіл меңгеру деңгейлерін, өмір салаларында қолданылуын, қоғамдық қызметтерін нақтылы статистикалық мәліметтермен талдап көрсетеді. 1982 жылы М.М.Копыленко мен С.Т.Саинаның «Функционирование русского языка в различных слоях казахского языка», 1984 жылы М.М.Копыленко мен З.К.Ахметжанованың «Фонетическая интерференция в русской речи казахов», 1987 жылы осы еңбектің екінші бөлімі «Лексическая и морфологическая интерференция в русской речи казахов» деген еңбектерде қазақтардың орыс тілін қолданудағы фонетикалық, лексикалық және морфологиялық қателіктері зерттелінді. Б.Хасанұлының 1987 жылы «Казахско-русское двуязычие (социолингвистический аспект)», 1989 жылы «Национальные языки: поиски и перспективы» атты еңбектері жарық көрді. Осы еңбектерде қазақ-орыс қостілділігінің пайда болу жолдары, қазақтардың екі тілді меңгеру ерекшелігі нақты сөз болады. 1990 жылы жарық көрген А.Е.Карлинскийдің «Основы теории

взаимодействие языков» деген еңбегінде тілдердің бір-біріне әсер ету мәселесі, қостілділік, оның пайда болуы және қоғамдағы орны, табиғи және жасанды билингвизм, тілдік ұжым, интерференция, оның типтері, интеркаляция типологиясы т.б. мәселелер қамтылған.

Қазақстандағы тіл саясаты мәселесіне қатысты 1990 жылы «Языковая политика в Казахстане и пути ее реализации» атты жинақ жарық көрсе, 1991 жылы қостілділік мәселесін талдаған М.М.Копыленко мен З.К.Ахметжанованың «Психолингвистический аспект двуязычия. Проблемы национально-русского двуязычия» деген зерттеулері қостілділік теориясына қосылған қомақты еңбек болды. 1992 жылы Б.Хасанұлы «Ана тілі – ата мұра» атты еңбегінде алғаш рет ана тілі категориясын әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты талдап көрсетті. Мұнда автор ана тілінің лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық психологиялық, педагогикалық, тарихи-этникалық сипаттамаларын, сондай-ақ ана тілі және заң, ана тілі және экономика, ана тілін білу мен меңгерудің айырым белгілері, қостілділіктің әлеуметтік лингвистикалық мәні, еліміздің әлеуметтік-коммуникативтік жүйесі, оны құрайтын тілдер, олардың қызметтік жүктемелері, типологиясы, мемлекеттік тіл мәселелері, қазақ тілін білудің қажеттілік талаптары дүниежүзілік тіл дамыту тәжірибесі тұрғысынан зерттелу қажеттігі, мемлекеттік тілді дамыту тетіктері т.б. көптеген әлеуметтік лингвистикалық проблемалар арнайы зерттелді.

1996 жылы Э.Д.Сүлейменованың «Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики» атты еңбегі, 1999 жылы А.Е.Карлинскийдің «Международные отношения: теория – практика – поиск» деген зерттеуі, 2001 жылы «Двуязычие и межэтническая коммуникация. Актуальные проблемы межкультурной коммуникации и перевода» атты еңбектері жарық көрді. Э.Д.Сүлейменова мен Н.Ж.Шаймерденованың 2002 жылы шыққан «Словарь социолингвистических терминов» атты сөздігінде әлеуметтік лингвистиканың теориялық мәселелеріне, зерттеу бағыттарына, әдіс-тәсілдеріне т.б. қатысты 400-дей терминге түсінік берілген. Бұл біздіңше, қазақстандық әлеуметтік лингвистика тарихындағы соны және құнды еңбек болып табылады. Қазақстандық әлеуметтік лингвистиканың қарастырған мәселелеріне қатысты жоғарыда аталған зерттеулермен қатар көптеген ғылыми мақалалар да жарияланды. Солардың бірі М.Аренов пен С.Калмыковтың «Современная языковая ситуация в Республике Казахстан» атты мақаласында Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаяттың қазіргі сипатын әлеуметтік лингвистиканың әдіс-тәсілдерімен ғылыми тұрғыдан біршама толықтай сипаттап береді.

А.С.Асанбаева «Қазақша жарнаманың тілі, стилі, қазіргі жағдайы», «Қазақ тіліндегі жарнаманы жақсарту мәселелері» атты мақалаларында жарнама мәтініндегі тілдік ерекшеліктер, мемлекеттік тілдің жарнама саласындағы қоғамдық қызметіне, қоғамдық өмір салаларының ішінде жарнаманың тіл дамытудағы орнына арнайы тоқталады.

А.Абасиловтың 2016 жылы жарық көрген «Әлеуметтік лингвистика сөздігі» еңбегінде әлеуметтік лингвистиканың теориялық және пәндік ұғымдарына түсініктемелер беріле отырып, оның зерттеу бағыттарын айқындап береді. Қазақстандағы қазақ, орыс және өзге тілдердің қоғамдық қызметі мен оларды дамытудың әр алуан қыр-сырларына арналған бұлардан да басқа көптеген жарық көрген ғылыми мақалалар түрлі қоғамдық пікірлер туғызып, тіл дамыту ісін саналы түрде басқарудың қазақстандық үлгілерін танытты.

Олар М.М.Копыленконың «Государственный язык и официальный язык (опыт разграничения понятий)», «Общее языкознание, социолингвистика, психолингвистика в Республике Казахстан: тенденции и перспективы развития специальности»; Э.Д.Сүлейменованың «Языковая ситуация в Казахстане: к оценке, эффективности языкового планирования»; Ө.Жолдасбеков пен Н.Қалидың «Тіл заңы – түсінік тірегі»; Б.Хасанұлының «Тіл саясатының тарихы тереңде», Лингвистическое формулировки проекта новой Конституции: Противоречие и пути преодоления»; Е.Шаймерденовтің «Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтудің өзекті мәселелері»; Б.Әбдіғалиевтің «Этнолингвистическая ситуация в Казахстане»; А.Абасиловтың «Мемлекеттік тіл – көптілділік жағдайында әлеуметтік қажеттілік»; Г.А.Досмұхамбетованың «Роль языка обучения в развитии двуязычия», «Определение доминирующего языка в студенческой среде» т.б. атауға болады.

XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап қазақстандық ғалымдар әлеуметтік лингвистиканың өзекті мәселелеріне қатысты докторлық, кандидаттық диссертация жұмыстарын жазып, қорғай бастады. Б.Хасанұлының «Социально-лингвистические проблемы функционирования казахского языка в Республике Казахстан» (1992) тақырыбындағы докторлық диссертациясында қазақ тілінің Қазақстандағы қызметінің әлеуметтік лингвистикалық мәселелері, тілдік жағдаят, тіл мен қоғамның байланысы, көпұлтты мемлекеттердегі тілдердің қарым-қатынасы мен дамуының жалпы теориясы, Қазақстандағы қостілділік, көптілділік мәселелері қаралды.

Сол сияқты Д.Ж.Қасымова «Функционирование уйгурского языка и формы его существования (социолингвистическое исследование районов компактного проживания уйгуров в Казахстане)» (1995), Г.С.Сууюнова «Речевое поведение казахов-билингвов» (1995), А.М.Құмарова «Социально-лингвистические проблемы формирования казахской языковой среды в Республике Казахстан» (1996), А.Абасилов «Мемлекеттік тілдің Қазақстан Республикасының солтүстік аймағындағы қызметі: социолингвистикалық проблемалары, оларды шешу жолдары» (1998), Г.Д.Алдабергенова «Исследование влияния билингвизма на развитие детей» (1999), С.А.Асанбаева «Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың социолингвистикалық өзекті мәселелері», (1999), Г.М.Алимжанова «Структура речевого этикета казахского и русского языков» (1999), С.Ю.Сон «Социолингвистический анализ функционирования коре мар и русского языка в корейской диаспоре Казахстана» (1999), Б.Ж.Құрманова «Социально-лингвистические проблемы функционирования государственного языка а западном регионе Республики Казахстан», Г.А.Досмұхамбетова «Функционирования казахского и русского языков в микросоциальной общности» т.б. ғылыми-зерттеу жұмыстары жазылып, қорғалды. Әлеуметтік бағыттағы мұндай зерттеулердің тіл білімі үшін маңызы зор.

Егемен ел үшін мемлекеттік тіл, тіл саясаты, қоғамдағы қарым-қатынас тілі, қостілділік, көптілділік т.с.с. мәселелер назардан тыс қалмауы керек. Қорытындылай келгенде, тіл – қоғамдық құбылыс. Қоғамдық өзгерістер мен дамулар тіл арқылы жүзеге асып, көрініс беріп, хабардар болып отырады. Тілдің дамуына әсер ететін экстралингвистикалық фактор да қоғамдық жағдайлардан туындайтыны сөзсіз. Осы жағдайларды әлеуметтік лингвистика зерттеп отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абасилов А. Қазақстандағы әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер: ізденістер мен жаңа мүмкіндіктер, проблемалар. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. № 3(149). 2014. – Б. 61-71.
2. Хасанов Б. Языки народов Казахстана и их взаимодействие. – Алма-Ата: Наука, 1976. – 216 с.
3. Лексическая и морфологическая интерференция в русской речи казахов. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 120 с.
4. Хасанұлы Б. Ана тілі – ата мұра (Қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). – Алматы: Жазушы, 1992. – 272 б.
5. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж. Словарь социолингвистических терминов. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 170 с.

Алданиязова Гүлжайна Конгратабайқызы

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің магистранты
aldaniazovagulii@gmail.com

Ғылыми жетекшісі:
ф.ғ.д. А.С. Адилова

СТЕРЕОТИПТЕР ТУРАЛЫ: ҒЫЛЫМИ АЙНАЛЫМДАҒЫ ШҚІРЛЕР

Мақалада бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар, басқа да коммуникациялық технология, ғылым, әдебиет пен өнер, сондай-ақ қоғамның әртүрлі саласында халықтардың тарихи жадынан берік орын алған көпқасырлық стереотиптер туралы неміс, ағылшын, қазақ, орыс т.б мемлекеттеріндегі ғалымдардың зерттеулері қарастырылады.

Кілт сөздер: *стереотип, ғылым, жеке тұлға, қоғам, ұлт, таным, сенім*

Кіріспе. Кез келген ақиқат дүниені тану барысында алдымен сезім мүшелері арқылы (көру, есту, сипап сезу, дәм тату, т.б.) қабылданған ақпараттар санаға бет бұрады. Осы ғалам бейнесін жасаудың ең қарапайым тәсілі – ассоциацияны жарыққа шығару. Ассоциациялық түсінік ұжымдық санада қайталана келіп, жадыда қатталады да, ғалам бейнесін жасаудың екінші тәсілі – стереотипке жалғасады. Ақиқат дүниені индивидуалды тану әсерінен қалыптасқан окказионалды қолданыстар ғалам бейнесін жасаудың үшінші тәсілі ойбейне жасауды қалыптастырады. Осылайша бір ақиқат дүние туралы санада жинақталған ақпараттар иерархиялы түрде тізбектеліп, ғаламның концептуалдық бейнесін құрайды. Ғаламның концептуалды бейнесінің әрбір ұяшығына жиналған ақпараттар тіл арқылы жарық көруі мүмкін. Егер ақиқат дүние туралы концептуалды бейнелер тілдік жүйеде әртүрлі мағыналарда өрбитін болса, оның тілдік бейнесі қалыптасты деген сөз. Сонымен